

1-БЛОК: Экономика және қаржылық сауаттылық негіздері

Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Шектеулі қорларды тиімді пайдаланып, адамдардың шексіз қажеттіліктерін қанағаттандыру мәселелерін қарастыратын ғылым:
А) экология
В) макроэкономика
С) экономика
D) микроэкономика
E) география
2. Экономикалық қатынастар
А) адамның табиғатқа қатынасы
В) экономикалық құбылыстар мен үдерістер
С) тұтытудағы тауар қатынастары
D) табиғи, материалдық ресурстарды пайдаланудағы қатынастар
E) материалдық игіліктер мен қызметтерді өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну процесінде пайда болатын адамдар арасындағы қатынастар
3. Микроэкономика _____ ғылым
А) жерді сипаттап жазатын
В) шектеулілік пен таңдау туралы
С) шаруашылық жүргізуді тұтас алып қарайтын
D) тұтынушылар мен фирмалар туралы
E) табиғаттағы құбылыстарды зерттейтін
4. Ресурстардың қалыптасуына байланысты жіктелуі
А) өндіру, үлестіру, тұтыну, басқару, ұйымдастыру
В) басқару, ұйымдастыру, жинақтау, бөлу, бақылау
С) табиғи, еңбек, өндіріс құралдары, ақпараттық ресурстар, кәсіпкерлік қабілет
D) басқару, ұйымдастыру, өндіру, бөлу, бақылау
E) басқару, айырбастау, сату және сатып алу, бақылау
5. Тауарлар мен қызмет көрсетулерді өндіру кезінде жұмсалатындардың бәрі
А) Өндіріс
В) Ресурстар
С) Қоғамдық игіліктер
D) Өнімділік
E) Өнімділік

6. Маржинальдық шығын дегеніміз:

- A) жалпы пайданың әлдеқандай әрекет нәтижесінде өзгеруі
- B) бас тартқан балама жолдардың ең таңдаулысының құндылығы
- C) адамдардың қандайда бір қажетін өтейтін қызмет
- D) сату үшін жасап шығарылған зат
- E) жалпы шығатын шығынның әлдеқандай әрекет нәтижесінде өзгеруі

7. Елдің, фирманың, адамның қолда бар ресурстарды толық пайдалана отырып тауар шығару мен қызмет көрсетудегі өндіріс мүмкіндіктерінің шегін көрсетіп тұратын қисық сызық...

- A) Лаффер қисығы
- B) Өндірістік мүмкіндіктердің ирек сызығы
- C) Сұраныс қисығының графигі
- D) Ұсыныс қисығының графигі
- E) Өндірістік мүмкіндіктердің қисық сызығы

8. Төмендегілердің қайсысы негізгі макроэкономикалық көрсеткішке жатпайды?

- A) экономикалық өсу
- B) тауар бағасын түсіру
- C) толық жұмысбастылық
- D) табысты шынайы бөлу
- E) сыртқы сауда балансы

9. Аралас экономикада _____ жүйе

- A) нарықта қоғамның өз қажетін өтеу, таңдау жасауын негізге алатын
- B) жекеменшікті жою, шаруашылықты жоспарлы жүргізуді бөліп алатын
- C) жеке сектор, мемлекет игіліктерді шығару, тұтынуда маңызды орын алатын
- D) шаруашылық жүргізуді жоспарлап, талон жүйесін тұтас алып қарайтын
- E) өндірілген тауарды сату, сатып алу тікелей байланыстарға негізделген

10. Экономиканың басты мәселелері

- A) не, кім тұтынады; қалай шығарады
- B) не өндіру керек, қалай өндіру керек, кім тұтынады
- C) қалай шығару керек, не шығару керек
- D) қалай шығару керек, кім тұтынады
- E) не шығару керек, кім үшін, қалай

11. Жеке меншікке, бәсекеге және еркін баға тағайындауға негізделген экономика...

- A) әкімшіл экономика
- B) дәстүрлі экономика
- C) аралас экономика
- D) әлемдік экономика
- E) нарықтық экономика

12. Сұраныс жағдайында нарықтағы тұтынушылар саны

- A) елдегі экономикалық және әлеуметтік жағдайларға байланысты
- B) тұтынушының талғамына байланысты
- C) тауар бағамының төмендеуіне байланысты
- D) халықаралық валюта бағамының өзгеруіне байланысты
- E) тауар бағамының жоғарлауына байланысты

13. Сұраныс икемділігі жоғары тауар

- A) пәтерлер
- B) тұз
- C) сабын
- D) макарон өнімдері
- E) «Гурман» тұшпарасы

14. Сұраныс

- A) тұтынушылардың белгілі бір тауарды оның нарықта белгіленген бағасының әрбір шамасымен сатып алатын көлемі
- B) тұтынушылардың табысы
- C) бағадан басқа тұтынушының талғамы
- D) тұтынушының ынтасын арттыру мақсатында бағаны түсіру
- E) сатып алушылардың дәл осы уақытта түрлі бағамен экономикалық игілікті сатып алуы

15. Сұранысқа әсер етпейтін бағадан тыс фактор

- A) инфляциялық күтуі
- B) технологиялар
- C) тауарлар бағасы
- D) талғамдары
- E) сатып алушылардың табысы

16. Сұраныстың артуы

- A) тепе-теңдік бағаның жоғарлауы мен тепе-теңдік көлемінің өсуі
- B) тепе-теңдік бағаның төмендеуі мен тепе-теңдік көлемінің өсуі
- C) нарықтағы сұраныстың ұсыныспен тең болуы
- D) нарықтағы сатушылардың санының көбеюі
- E) тепе-теңдік бағаның жоғарлауы мен тепе-теңдік көлемінің азаюы

17. Тауар ұсынымы пропорционалды икемді, егер

- A) $E_{sp} = 1$
- B) $E_{sp} > 1$
- C) $E_{sp} \rightarrow \infty$
- D) $E_{sp} < 1$
- E) $E_{sp} = 0$

18. Қандай фактор ұсыныс шамасының қисық сызығының бойымен төмен жылжуға әсер етеді

- A) Ресурстарға бағанын өсуі
- B) Бағаның төмендеуі
- C) Тұтынушы табысының төмендеуі
- D) Технологияның нашарлауы
- E) Бизнеске салықтың өсуі

19. Ұсыныс көлемі

- A) сатып алушылардың дәл осы уақытта түрлі бағамен экономикалық игілікті сатып алудағы ең төменгі мөлшері
- B) өндірушілердің дәл бір уақытта түрлі бағамен сатқысы келетін экономикалық игіліктің максималды саны
- C) сатып алушылардың дәл осы уақытта түрлі бағамен экономикалық игілікті сатып алудағы максималды саны
- D) сатушының немесе сатушылар тобының белгілі бір шартпен уақыт бірлігінде сатуға қоятын қандайда бір тауар бірлігінің ең төменгі мөлшері
- E) сатушының немесе сатушылар тобының белгілі бір шартпен уақыт бірлігінде сатуға қоятын қандайда бір тауар бірлігінің максималды саны

20. Сатушының тауар мәртебесін бағалауы

- A) тауарды өткерудің қарқыны мен көлеміне қарап
- B) тауарды өндіру көлеміне қарап
- C) тауарды өндіруші еліне қарап
- D) тауарды өндіруші компаниясының атауына қарап
- E) тауардың шығарылған уақыты мен сапасына қарап

21. Ұсыныс детерминаттары

- A) ұсыныс шкаласы
- B) тұтынушылардың табыстары
- C) тұтынушылардың саны
- D) ұсыныстың баға бойынша икемділігі
- E) салық пен дотациялар

22. Ұсыныс көлемінің артуына әсер ететін факторлар

- A) ресурстар бағасының жоғарлауы
- B) өндіріс көлемінің төмендеуі
- C) компанияның ресурстарға жұмсаған шығындарның көбеюі
- D) салық мөлшерлемесінің артуы
- E) өндірілген тауар бағасының төмендеуі

23. Тұтыну функциясы:

- A) Тұтыну көлемінің мемлекеттің экономикалық саясатына тәуелділігі
- B) Жиынтық тұтыну шығындары мен инвестициялар арасындағы байланыс
- C) Тұтыну көлемінің жинақтаушы қорына тәуелділігі
- D) Жиынтық тұтыну шығындары мен табыстарының арасындағы байланыс
- E) Тұтыну көлемінің инвестицияға тәуелділігі

24. Жылжитын, жылжымайтын мүліктің құны, құнды қағаздар, банктағы салымдар

- A) бюджет
- B) депозит
- C) өтімділік
- D) байлық
- E) кредит

25. «Шындығында қажеттілік тудыратын нәрсенің шек-шекарасын анықтау мүмкін емес...» деп жазған

- A) Георг Гегель
- B) Абдрахам Маслоу
- C) Генри Форд
- D) Аристотель
- E) Адам Смит

26. Жинақ ақшаның, акциялардың және басқа да салымдардың қолма-қол ақшаға оңай айналуы болып табылады

- A) бюджет
- B) сатып алу жиілігі
- C) өтімділік
- D) қаржылық мақсат
- E) қамсыздандыру

27. Экономикалық игіліктің бір немесе бірнеше адам қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілеті

- A) тұтынушының таңдауы
- B) игілік пайдалылығы
- C) пайдалылық қызметі
- D) тұтынушының тепе-теңдік жағдайы
- E) тұтынушының таңдауы

28. Тұтынушының артықшылығын анықтау кезінде ескерілмейтін жағдай

- A) тауар бағасы мен қызмет сапасы
- B) сұраныс қызметі мен ұсыныс қызметі
- C) пайдалылық қызметі мен тұтынушының талабы
- D) тауар бағасы мен тұтынушының талабы
- E) тауар бағасы мен тұтынушының таңдауы

29. Жекелеген кәсіпорындар біріккен кезде өздерінің экономикалық дербестігінен толықтай бас тартады...

- A) өндірісті шоғырландыру
- B) концерн
- C) компания
- D) трест
- E) қосылу

30. Ақша капитал объектісінің қызметін атқаратын және осы капиталға сұраныс пен ұсынысты қалыптастыратын өзара қатынастар жиынтығы

- A) қаржы нарығы
- B) валюта нарығы
- C) сақтандыру нарығы
- D) қарыз капитал нарығы
- E) жер нарығы

31. Материалдық игіліктер

- A) пайдалы қасиеттерінің арқасында адамдардың қажеттілігін қанағаттандыратын қызметтер
- B) пайдалы қасиеттерінің арқасында адамдардың қажеттілігін қанағаттандыратын білім беру салалары
- C) пайдалы қасиеттерінің арқасында адамдардың қажеттілігін қанағаттандыратын денсаулық сақтау салалары
- D) пайдалы қасиеттерінің арқасында адамдардың қажеттілігін қанағаттандыратын ақпараттар
- E) пайдалы қасиеттерінің арқасында адамдардың қажеттілігін қанағаттандыратын заттар

32. Кәсіпкер өз бизнесін ұйымдастыру үшін банктік несиені жылдық 26 % - бен 150 мың теңгені 1 жылға алды. Егер, пайыз сомасы несиені бергенге дейін алдын-ала несие сомасынан шегерілетін болса, кәсіпкер қандай сома алады? Кәсіпкер банкке бір жылдан кейін қандай соманы қайтарады?

- A) 411 мың теңге алады, банкке 150 мың теңге қайтарады
- B) 211 мың теңге алады, банкке 150 мың теңге қайтарады
- C) 111 мың теңге алады, банкке 100 мың теңге қайтарады
- D) 111 мың теңге алады, банкке 150 мың теңге қайтарады
- E) 500 мың теңге алады, банкке 50 мың теңге қайтарады

33. Мақсаты асыраушысынан айырылған отбасына қаржылай көмек беру

- A) толық ақпаратқа иелік ету
- B) өмірді сақтандыру
- C) мүлікті қамсыздандыру
- D) адам өміріне жауапты болу
- E) табиғатты сақтандыру

34. Бағалы қағаздарды сататын, сатып алатын тұрақты орны мен жұмыс уақыты бар, қатаң тәртіппен тұрақты жұмыс жасайтын қаржы мекемесі

- A) еңбек биржасы
- B) банк
- C) букмекер
- D) фирма
- E) қор биржасы

35. Жыл бойына ай сайын 920 теңге төлеп тұратын 10 000 теңгелік заем, үш жыл бойына ай сайын 360 теңге төлеп тұратын заемнан

- A) 1680 теңгеге арзан
- B) 960 теңгеге арзан
- C) 1680 теңгеге қымбат
- D) 1920 теңгеге қымбат
- E) 1920 теңгеге арзан

36. Баға өзгермеген жағдайда және демографиялық өсу өзгеріске түскендегі табыстың өсуі азық түлікке шығатын тұтыну шығыны үлесінің төмендеуі;

- A) Веблен тауарлары
- B) Гиффен парадоксы
- C) протекционизм
- D) Энгель эффекттері
- E) интеграция

37. Нарықтық құрылымның қайсысында бір ғана сатушы бар...

- A) монополия
- B) моносония
- C) монополистік бәсеке
- D) олигополия
- E) жетілген бәсеке

38. Нарық құрылымында бір тұтынушы болады

- A) монополистік бәсеке
- B) монополия
- C) моносония
- D) жетілген бәсеке
- E) олигополия

39. Экономиканың ілгері дамуында қосымша қозғаушы көрінісі ретінде адамдардың шаруашылық жүргізуші формасында өз таңбасын қалдыру

- A) халықаралық сауда қатынастарындағы ерекшеліктер
- B) монополиядағы ерекшеліктер
- C) бәсекелестіктегі ерекшеліктер
- D) қаржы қатынастарындағы ерекшеліктер
- E) нарықтың ерекшелігі

40. Жетілмеген бәсекенің формалары

- A) монополия, олигополия, монополистік бәсеке
- B) монополистік бәсеке, таза бәсеке, бағалық бәсеке
- C) бағалық бәсеке, монополия, таза бәсеке
- D) таза бәсеке, бағалық емес бәсеке, монополистік бәсеке
- E) бағалық емес бәсеке, таза бәсеке, нарықта басымдылық

41. Өндірілетін өнім бірлігіне жұмсалатын тұрақты шығын...

- A) өндіріс көлемінің өсуіне теңбе-тең түрде өзгереді
- B) өндіріс көлемі көбейген кезде азаяды
- C) өндіріс көлемі азайғанда кезде көбейеді
- D) өндіріс көлемі өскен кезде өзгермейді
- E) өндіріс көлемі өскен кезде қоса өседі

42. Монополиялық бәсеке

- A) экономиканың ілгері дамуында қосымша қозғаушы көрінісі ретінде адамдардың шаруашылық жүргізуші формасында өз таңбасын қалдыру
- B) салыстырмалы түрде саны көп фирманың бір-біріне ұқсас, бірақ біркелкі емес өнім өндіру
- C) нарықта тауарлардың бір түрін шығарып тұтынушыларды неғұрлым көп мөлшерде өзіне қаратып және соның нәтижесінде мол табыс табу
- D) нарықта тауарлардың бірнеше түрін шығарып тұтынушыларды неғұрлым көп мөлшерде өзіне қаратып және соның нәтижесінде мол табыс табу
- E) фирмалар бір-бірімен тығыз байланысты және өзара тәуелділікте болады

43. «Қазақстан Республикасының еңбек туралы» заңына сәйкес қызметкер құқылы

- A) белгіленген сынақ арқылы жұмысқа тұруға
- B) өз құқығы мен кепілдік, еңбек тәртібін бұзбауға
- C) жұмысты қорғау мақсатында еңбек ақы алуға
- D) жұмыс кезінде жұмыс берушіге мүлкітік зиян келтірмеуге
- E) тең еңбек ету үшін қандай да бір кемсітусіз тең ақы алуға

44. Экономикалық құлдырау кезінде туындайтын жұмыссыздық

- A) фрикциондық жұмыссыздық
- B) құрылымдық жұмыссыздық
- C) жасырын жұмыссыздық
- D) циклдық жұмыссыздық
- E) толық жұмысбастылық

45. Толық жұмысбастылық кезіндегі жұмыссыздық мынадай екі жұмыссыздық арқылы анықталады:

- A) Циклдық және құрылымдық
- B) Циклдық және фрикциондық
- C) Фрикциондық және құрылымдық
- D) Маусымдық және құрылымдық
- E) Циклдық және маусымдық

46. Құрылымдық жұмыссыздыққа _____ себеп болады

- A) экономикалық құлдырау
- B) адамдардың жұмыс орнын ауыстыруы
- C) маусымдық өзгерістер
- D) техникалық прогресс
- E) жұмыс істегісі келмейтін адамдар

47. Циклдық жұмыссыздық - бұл...

- A) Еңбек қызметінен ерікті бас тарту
- B) Адамдардың белгілі бір маусым кезінде пайда болатын жұмыссыздығы
- C) Мамандықтары мен біліктілігі жұмыс табуға мүмкіндік бермейтін жұмысшылардың жұмыс іздеуімен байланысты жұмыссыздық
- D) Экономиканың құлдырау кезеңіне байланысты жұмыссыздық
- E) Жұмыс іздеу және жұмыс күтумен байланысты уақытша жұмыссыздық

48. Жеке елдердегі белгілі бір тауар өндірісінің тұрақты концентрациясы

- A) жұмыс күші миграциясы
- B) капитал қозғалысы
- C) халықаралық сауда
- D) валюта-несие айырбасы
- E) халықаралық еңбек бөлінісі

49. Халықаралық еңбек бөлінісі негізінде әлемдік шаруашылықты жасақтау процесі...

- A) интеграция
- B) технопарк
- C) кластерлер
- D) салыстырмалы артықшылық
- E) өндірістің мамандануы

50. Шаруашылықтың құрылымы негізгі пропорцияларды айқындайды:

- A) аграрлық қоғамда
- B) өндірістік және өндірістік емес салада
- C) дамыған елдерде
- D) технопарктерде
- E) ауыл шаруашылығында

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

51. Адамдардың физиологиялық қажеттіліктеріне ... жатады.

- A) су
- B) білім
- C) ақпарат
- D) тамақ
- E) жарық
- F) ауа
- G) достық
- H) жылу

52. Таусылатын табиғи ресурстарға жатады

- A) жер ресурстары
- B) көмір
- C) су ресурстары
- D) орманды алқаптар
- E) рудалар
- F) газ
- G) әртүрлі металдар
- H) мұнай

53. Ұсыныс қысқарып, сұраныс өскен жағдайда

- A) тепе-теңдік көлемі азаяды
- B) тепе-теңдік баға төмендейді
- C) тепе-теңдік бағасының өзгерісі әртүрлі болады
- D) тепе-теңдік баға өседі
- E) тепе-теңдік көлемінің өзгерісі әртүрлі болады
- F) сұраныс пен ұсыныста тепе-теңдік сақталады
- G) тепе-теңдік көлемі өседі
- H) нарықта автоматты түрде баға төмендейді

54. Егер нарықтағы баға тепе-теңдік бағадан жоғары болса, онда нарықта:

- A) ұсыныс көлемі сұраныс көлемінен асып түседі
- B) сұраныс көлемі мен ұсыныс көлемі теңеседі
- C) сұраныс көлемі ұсыныс көлемінен көп болады
- D) тауар артықшылығы қалыптасады
- E) артық сұраныс көлемі қалыптасады
- F) ұсыныстың тапшылығы орнығады
- G) тауар жетіспеушілігі қалыптасады
- H) сұраныс көлемі ұсыныс көлемінен аз болады

55. Ипотекалық кредитті рәсімдеудегі негізгі құжаттар

- A) лицензия
- B) вексель
- C) құнды қағаз
- D) акция
- E) мемлекеттік құндықағаздар
- F) кепілхат
- G) сертификат
- H) бағалы қағаз

56. Тұтынушылық кредит – бұл жеке тұлғаларға ... сатып алу үшін берілетін несие.

- A) өндіріс ғимараттарын
- B) жылжымайтын мүлікті
- C) тұрмыстық техниканы
- D) тұрғын-үйді
- E) бағалы қағаздарды
- F) туристік жолдаманы
- G) тұтыну тауарларын
- H) сауда мекемелерін

57. Жұмысшының өндірген өнім санына байланысты төленетін кесімді жалақының түрлері:

- A) аккордты
- B) кесімді-прогрессивті
- C) жай кесімді
- D) кесімді-сыйақылы
- E) номиналды
- F) жай мерзімді
- G) мерзімді-сыйақылы
- H) атаулы

58. Жалақының негізгі түрлері

- A) тұрақты
- B) құнды
- C) нақты
- D) икемді
- E) шекті
- F) ұшқыр
- G) атаулы
- H) сальдо

59. Коммерциялық несие – бұл ...

- A) ұзақ мерзімді несие
- B) кәсіпорындардың өзара несиеленуі
- C) қысқа мерзімді несие
- D) коммерциялық банктердің несиесі
- E) тауар формасында берілетін несие
- F) валюталық бақылау органы
- G) ақша түрінде берілетін несие
- H) жоғары пайызды несие

60. Айналымдағы ақша массасы анықталады:

- A) ақша айналымының жылдамдығына тура пропорционал
- B) тауарлар бағаларының сомасына тура пропорционал
- C) жалпы ұлттық өнімнің көлеміне кері пропорционал
- D) нақты ұлттық өнімнің көлеміне тура пропорционал
- E) жалпы ұлттық өнімнің көлеміне тура пропорционал
- F) тауарлар бағаларының сомасына кері пропорционал
- G) ақша айналымының жылдамдығына кері пропорционал
- H) нақты ұлттық өнімнің көлеміне кері пропорционал

Мәнмәтіндік тапсырмалар

1-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Банк – кез келген дамыған елдердің ұлттық шаруашылығының маңызды саласы. Швейцарияны мәңгілік банктердің елі санағанмен, алғашқы банк 1584 жылы Венецияда ашылған. Халықаралық сауда жолдары бар елдерде алғашқы банк ғимараттары пайда болған. Ұлыбританияда ең алғашқы банк 1694 жылы сауда-өнеркәсіпке берілетін несие үшін ашылған. Ал жаңа жерлерге тұңғыш жол салушылар елі Нидерландыда алғашқы банк 1609 жылы іске қосылған. Ең соңында теңізге шығатын жолы жоқ альпілік мемлекеттер банк қызметтері саласының көшбасшысы атанды. Парадокс, бірақ факт!

61. Елдегі инфляцияның көрсеткіші ретінде пайдаланады:

- A) атаулы айырбас бағамы
- B) сыртқы сауда индексі
- C) валюталардың тепе-теңдігі
- D) тұтыну бағалардың индексі
- E) кемсітушілік индексі

62. Инфляцияны жою үшін Орталық Ұлттық банктің атқаратын іс-әрекетінің бірі

- A) құнды қағаздарды сатып алады
- B) ақша мөлшерін көбейтеді
- C) пайыз мөлшерін азайтады
- D) құнды қағаздарды сатады
- E) резерв нормасын қысқартады

63. Қазақстан Республикасындағы жалғыз эмиссиялық банк

- A) Еуразия банкі
- B) Халық банкі
- C) Ұлттық банк
- D) Тұранәлем банкі
- E) Альянс банкі

64. Банктің актив (белсенді) операциялары:

- A) өндіріске инвестиция салу
- B) акцияларды орналастыру
- C) уақыт бойынша баяу несиелер
- D) депозиттік операциялар
- E) меншік капиталын көбейту

65. Банктердің барлық шығындары мен табыстарының арасындағы айырмашылық:

- A) банктік пайда
- B) несиелік пайыз
- C) пайыз мөлшері
- D) депозиттік салым
- E) банктік тариф

Мәнмәтіндік тапсырмалар

2-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

N елінің экономикасының салалық құрылымында 4 сала көрсетілген: шикізат өндіруші, машина жасау, ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі.

Былтырғы жылғы олардың жұмыстарының нәтижесі берілген:

Қара металл рудасы 100 а.б. өндіріліп, машина жасау кәсіпорында-рында пайдаланылған.

Көмір 150 а.б. өндірілген, 50% машина жасау өнеркәсібіне кеткен, 20% тұрғындарға сатылған, қалғаны тамақ өнеркәсібіне жұмсалған.

Ауыл шаруашылығы өнімі 120 а.б. шығарылған, 1/3 экспортталған, 25% үй шаруашылығы қолданған, қалғаны тамақ өнеркәсібіне жөнелтілген.

Машина жасау кәсіпорындары 400 а.б. құрал-жабдық өндірген. Әр салаға ә бөлігі берілген.

Тамақ өнеркәсібі өндірген өнім көлемі 200 а.б., барлығы тұрғындарға өткізілген.

Азаматтардың тұтыну шығынын қамтамасыз ету үшін шет елден 250 а.б. тауарлар

66. Аталған жағдайдағы экспорттың мөлшері

- A) 175
- B) 95
- C) 70
- D) 250
- E) 40

67. Елдің ЖІӨ шығын тәсілімен :

- A) 700
- B) 870
- C) 900
- D) 600
- E) 970

68. Аталған жағдайдағы импорттың мөшері

- A) 700
- B) 250
- C) 400
- D) 600
- E) 200

69. Елдің ЖІӨ өндірістік тәсілімен

- A) 600
- B) 970
- C) 870
- D) 900
- E) 800

70. ЖІӨ есептеудің әдістері

- A) түпкі және аралық
- B) нақты және номиналды
- C) табыс, шығын, қосылған құн
- D) атаулы және нақты
- E) тікелей және жанама

1-БЛОК бойынша тест аяқталды.